**Қазақстан Республикасында арнайы су пайдалануға келісім және рұқсат беру тәртібі жөніндегі Нұсқауды бекіту жайында**

***Күшін жойған***

Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігінің су ресурстары жөніндегі комитеті төрағасының 2001 жылғы 20 маусымдағы N 50-п, Энергетика және минералдық ресурстар министрлігінің Геология және жер қойнауын қорғау Комитеті төрағасының 2001 жылғы 20 маусымдағы N 155-п бірлескен бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2001 жылғы 30 шілдеде тіркелді. Тіркеу N 1595. Күші жойылды - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 2004 жылғы 24 қарашадағы N 824, ҚР Қоршаған ортаны қорғау министрінің 2004 жылғы 1 желтоқсандағы N 309-п, ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігі Су ресурстары жөніндегі комитеті төрағасының міндетін атқарушының 2004 жылғы 11 қарашадағы N 239-п, ҚР Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі Геология және жер қойнауын пайдалану комитеті төрағасының 2004 жылғы 12 желтоқсандағы N 161-п (V043263) бірлескен бұйрығымен.

Қазақстан Республикасының Су кодексінің K933000_ 28 және 34 тармақтарына сәйкес БҰЙЫРАМЫЗ:

1. Қоса беріліп отырған:

1) Қазақстан Республикасындағы арнайы су пайдалануға келісім және рұқсат беру тәртібі туралы Нұсқау;

2) Арнайы су пайдалануға жататын су объектілерінің тізбесі;

3) Арнайы су пайдалануға рұқсат беру кезінде ресімделетін құжаттама;

4) Су ресурстарын пайдалануға арнайы су пайдалану рұқсатын беру үшін су ресурстары, геология және жер қойнауын қорғау Комитеттері және олардың аумақтық басқармаларының арасындағы қызметін нақты анықтау;

5) Арнайы су пайдалану шарттарын мемлекеттік органдармен келісу тәртібі;

6) Жер асты суларын пайдалануға берілетін арнайы су пайдалану рұқсатын алуға берілетін өтінім;

7) Қазақстан Республикасындағы арнайы су пайдалануға берілетін рұқсаттың нысаны бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының 1998 жылы 19 сәуірде N 500 Әділет министрлігінде тіркеуден өткен Ауыл шаруашылық министрлігінің су ресурстары жөніндегі Комитетінің 1997 жылғы 22 қарашадағы N 47-а бұйрығы

V970500_ өз күшін жойды деп табылсын.

3. Осы Бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде тіркеуден өткен күннен бастап күшіне енеді.

Су ресурстары жөніндегі Комитеттің Төрағасы

Геология және жер қойнауын қорғау Комитетінің Төрағасы Міндетін атқарушы

Геология және жер қойнауын қорғау Комитеті Төрағасының 2001 жылғы 20 маусымдағы N 155-п және Су ресурстары жөніндегі Комитеттің Төрағасының 2001 жылғы 20 маусымдағы N 50-п бірлескен бұйрығымен бекітілген

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА АРНАЙЫ СУ ПАЙДАЛАНУҒА КЕЛІСУ ЖӘНЕ ОҒАН РҰҚСАТТАР БЕРУ ТӘРТІБІ ТУРАЛЫ НҰСҚАУЛЫҚ

### 1 бөлім. Жалпы ережелер

1. Осы Нұсқау:

1) Қазақстан Республикасының "Су кодексіне" K933000_ ;

2) Қазақстан Республикасының "Тұрғындардың санитарлық-эпидемиологиялық саулығы жөніндегі" Заңына Z942000_ ;

3) Қазақстан Республикасы 1997 жылғы 15 шілдедегі "Айналадағы табиғи ортаны қорғау туралы" Заңына Z970160_ ;

4) Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар 1995 жылғы 24 сәуірдегі "Бюджетке төленетін салықтар мен басқа да міндетті төлемдер туралы" Жарлығына Z952235_ ;

5) Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 29 желтоқсандағы N 1482 "Арнайы Су пайдалануға келісу және оған рұқсат беру тәртібін бекіту туралы" P941482_ қаулысына;

6) Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 25 сәуірдегі N 547 "Қазақстан Республикасының Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қызметі жайында" P950547_ бекіткен қаулысына;

7) Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 29 сәуірдегі N 600 "Су ресурстарын пайдалану мен қорғауды Мемлекеттік бақылау жайында" P950600_ бекіткен қаулысына;

8) Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетінің 1996 жылғы 18 желтоқсандағы N 1284 "Қазақстан Республикасының жер қойнауын қорғауды Мемлекеттік бақылау жайында" P961284_ бекіткен қаулысына;

9) Қазақстан Республикасының Үкіметінің 1996 жылғы 18 қазандағы N 1285 қаулысымен бекітілген "Зиянды заттарды және ағынды суларды жер қойнауына көму тәртібі жайында ережеге" P961285_ ;

10) Қазақстан Республикасының Үкіметінің 1997 жылғы 27 қаңтардағы N 106 қаулысымен бекітілген Жер қойнауындағы мемлекеттік мониторинг жайындағы ережеге" P970106_ ;

11) Қазақстан Республикасының Үкіметінің 1997 жылғы 19 ақпандағы N 235 қаулысымен бекітілген "Қазақстан Республикасының жерлерді пайдалану мен қорғауға Мемлекеттік бақылау жүргізу жайында" P970235_ ережелеріне сәйкес әзірленген.

2. Қазақстан Республикасының Су кодексінің K933000_ 28-бабына сәйкес арнайы су пайдалану құрылыстар немесе техникалық құрылыстар қолдану арқылы пайдалану болып табылады.

3. Осы Нұсқауда арнайы жерүсті және жерасты суларын пайдалануға рұқсат беру, оның шарттарын келісу, өзгерту, тіркеу тәртібі, уақытша тоқтату жағдайы және бұл рұқсаттардың күшін жою ерекшеліктері қаралған.

4. Арнайы су пайдалануға рұқсат, иесінің су пайдаланудың бір ғана түрін пайдалануының заңды құқығын куәландыратын құжат болып табылады.

Арнайы су пайдалануға берілген рұқсат, су пайдаланудың негізгі жағдайларын, пайдалану және барлау жобасының келісу мерзімдерін, су пайдалану жөніндегі істерді бастау және аяқтау уақыттарын анықтайды.

5. Арнайы су пайдалануға рұқсатты:

1) жерүсті суларын пайдалануға - табиғатты қорғаудың мемлекеттік органдарымен келісім бойынша су ресурстарын басқаратын мемлекеттік орган және оның аймақтық бөлімдері;

2) жерасты суларын пайдалануға - су ресурстарын және табиғатты қорғайтын мемлекеттік басқару органдарымен келісім бойынша геология және жер қойнауын қорғайтын мемлекеттік орган және оның аймақтық бөлімдері береді.

6. Арнайы су пайдалануға рұқсаттар су пайдаланушыларға, олардың меншік нысандарына қарамастан, су пайдалану шарттары келісілгеннен кейін беріледі.

7. Бастапқы су пайдаланушыға айрықша пайдалануға берілген су объектілерінде, арнайы су пайдалану оның келісімі бойынша рұқсат беріледі.

Егер арнайы су пайдалану кезінде, сонымен бір мезгілде су өткізу жүйелерінен су алу және елді мекеннің, басқа кәсіпорынның немесе объектінің канализация жүйесіне қалдық су ағызу жүзеге асырылса, аталған жүйелерді иеленушілермен талап етілген мөлшерде су жіберу және қалдық су қабылдау мүмкіндігін растайтын келісу құжаттары табыс етіледі.

8. Су пайдалану шарттарын келісу туралы, сондай-ақ оған рұқсаттар беру туралы мәселені бұған құқылы әрбір мемлекеттік орган бір ай мерзімде карауға

т и і с .

Су пайдаланудың осы Нұсқаудың 5 тармағында аталған мемлекеттік органдармен келісілген шарттарының құжаттары су ресурстары жөніндегі Комитетіне және геология және жер қойнауын қорғау Комитетіне немесе олардың аймақтық бөлімдеріне сәйкес тапсырылады.

9. Су тоғандары тұрақты немесе уақытша пайдалануға беріледі. Арнайы су пайдалануға тұрақты рұқсаттар күні бұрын белгіленген мерзімсіз беріледі. Уақытша су пайдалану қысқа мерзімді - үш жылға дейін және ұзақ мерзімді - жиырма бес жылға дейін болуы мүмкін. Су пайдалану мерзімдері арнайы су пайдалануға рұқсат алған күннен бастап есептеледі.

Арнайы су пайдалануға рұқсаттың қолданылу мерзімін ұзартуды, мемлекеттік қадағалау органдарымен келісім бойынша, рұқсат берген орган жүргізеді. Мерзім ұзартылған кезде бұрын берілген рұқсатта белгіленген су пайдалану шарттарының орындалуын тексеру жүргізіледі. Мерзімді ұзарту туралы мәселені шешу арнайы су пайдалануға келісу және рұқсат алу үшін табыс етілген материалдар негізінде жүргізіледі.

10. Кәсіпорындарды, құрылыстарды және басқа объектілерді пайдалануға беруді құрылыс кезегі немесе іске қосу кешені бойынша жүзеге асыру белгіленген және бұл орайда кезекті немесе іске қосу кешенінің арнайы су пайдалану шарттары объектілерді тұрақты пайдалану үшін белгіленген шарттардан ерекшеленген жағдайда, рұқсаттар объектілер тұрақты пайдалануға берілгенге дейінгі мерзімге беріледі.

11. Арнайы су пайдалануға рұқсатты ресімдеуге қажетті материалдар және рұқсаттың өзі мемлекеттік және орыс тілдерінде әрқайсысы екі дана етіп дайындалады. Бір данасы су пайдаланушыға беріледі, екінші данасы сәйкес Комитеттерде немесе олардың аймақтық бөлімдерінде сақталады.

## 2 бөлім. Арнайы су пайдалану шарттарын келісу және рұқсаттар беру

### 1 бөлік. Жерүсті сулары

#### 1 тарау. Жұмыс істеп тұрған кәсіпорындар, құрылыстар мен объектілер үшін

12. Арнайы су пайдалануға келісу және рұқсаттар беру, су пайдалану солардың көмегімен жүзеге асырылатын құрылыстар немесе техникалық құрылғылар балансында тұрған су пайдаланушының жазбаша өтініш хатының негізінде жүргізіледі.

Кәсіпорын, Ұйым, шаруашылық жүзеге асыратын арнайы су пайдаланудың барлық түрлеріне, әдетте, бір рұқсат ресімделеді. Жекелеген жағдайларда ( кәсіпорынның сумен жабдықтау мен су бөліп берудің бірыңғай жүйесімен байланысты емес, бір-бірінен біршама қашықтықтағы алаңдарда орналасуы) бір

кәсіпорынға, ұйымға, шаруашылыққа арнайы су пайдалануға бірнеше рұқсат берілуі мүмкін.

13. Мелиорациялық объектілер үшін арнайы су пайдалануға рұқсат:

1) қарамағында басты су жинағыштар, шаруашылық су айыру және су жеткізу каналдары әрі басқа да су шаруашылық каналдары бар су шаруашылық жүйелерінің басқармаларына (СШЖБ) беріледі. Аталған жүйелерден су жинауды, оларға қашыртқы, қорғағыш бөгет және басқа сарқынды суларды бөлектеп жіберуді тұтас алғанда және белгіленген су пайдалану шарттарына сәйкес аталған басқармалармен келісім бойынша басқа су пайдаланушылар жүзеге асырады;

2) су объектілерінің ішінен тиісті су қабылдағышы бар ішкі шаруашылық жүйелерінің иеленушілеріне беріледі.

Өзеннің қашыртқы суын бассейнаралық қайта бөлуді қамтамасыз ететін, ірі салааралық су шаруашылық жүйелері үшін арнайы су пайдалануға рұқсаттар аталған жүйелердің басқармалары үшін де (жалпы алғанда жүйе үшін), сондай-ақ, жүйеден су жинау мен одан сарқынды суларды бөліп жіберуді жүзеге асыратын су пайдаланушыларға да беріледі.

14. Арнайы су пайдалану шарттарын келісу және оған рұқсаттар беру туралы өтінішхатта мыналар көрсетіледі:

1) су пайдаланушының орналасқан жері (мекен-жайы) және оның ведомстволық бағыныштылығы, өндірістік қуаты және өндірілетін өнімнің көлемі, суландыру, құрғату, су жаю алаңы;

2) су пайдалану мақсаты (сумен жабдықтау және оның түрі, сарқынды суларды бөліп жіберу, гидроэнергетика, суландыру);

3) арнайы су пайдалануды жүзеге асыруға негіз болатын материалдар (Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімдері, мемлекеттік қабылдау комиссияларының актілері, жобалар);

4) су пайдалануды (су қабылдау, сарқынды суды ағызу және т.б.) жүзеге асыратын су объектісінің (немесе оның бір бөлігі) және оның сипаттамасы есепті қамтамасыз ету ағысының мөлшері (ретке келтірілген су ағысы үшін - кепілді су беру, көлдер мен тоғандар үшін - су ресурстарының мөлшері, су қабылдағыш қақпағындағы және сарқынды суды жіберудің жоғарғы жағындағы су көзінің сипаттамасы (химиялық, бактериологиялық және радиологиялық көрсеткіштер).

Егер түрлі су объектілері сумен жабдықтау көзі және сарқынды суды қабылдаушы түрлі су объектілері болып табылса, онда сипаттама олардың әрқайсысы бойынша жеке жасалады. Егер жерүсті су көздері жерасты сумен жабдықтау көздеріне әсер етсе немесе әсер етуі мүмкін болса, онда оған шектес аумақтық геологиялық-гидрогеологиялық анықтамасы көрсетіледі. Сумен жабдықтау көзінің гигиеналық және техникалық жай-күйі мен ондағы су сапасы

Қазақстан Республикасы аумағында қолданылатын нормативтік құжаттарда баяндалған шаруашылық - ауыз сумен жабдықтау талаптарына сай келуге тиіс;

5) су пайдалануға көмектесетін құрылыстар мен техникалық құрылғылардың сипаттамасы;

6) су тұтыну сипаттамасы мен режимі:

ауыз су мен шаруашылық-тұрмыстық, ауылшаруашылық, өнеркәсіптік және басқа мұқтаждарға жыл ішінде және маусым бойынша таза және айналымдағы судың нормативтік мөлшерінің есебі (мың текше м/жыл., текше м/тәулік, текше м/с есебімен);

өнімнің бір өлшеміне, тәулігіне бір адамға, суландырылатын алаңның гектарына және т.б. таза судың үлестік шығыны;

су тұтыну және су бөлу көздерін бөлек-бөлек алғанда бір жыл ішінде және маусым бойынша іс жүзінде су пайдалану;

бәрінің жеке мұқтаждарына, оның ішінде халықтың және өндіріске жұмыс істейтіндердің шаруашылық-ауыз су мұқтаждарына, ауыл шаруашылық жерлерін суландыруға (олардың ішінде сарқынды су), өндірістік мұқтаждықтарға ( олардың ішінде сарқынды су) пайдаланылатын судың мөлшері, мың текше м/жыл., текше м/тәулік, текше м/с есебімен, олардың ішінде ауыз су сапасындағы, таза техникалық, қайталамалы-жүйелі пайдаланылатын, айналмалы сулар:

басқа су пайдаланушыларға су, оның ішінде ауыз су сапасындағы, таза техникалық, сарқынды су беріледі (мың текше м/жыл., текше м/тәулік, текше м/с есебімен);

7) жыл ішінде және маусым бойынша су бөлудің сипаттамасы мен режимі: су объектісіне, булану алқабына, суландырудың егістік алқабына (СЕА), сүзу алқабына және т.б. сарқынды суды (мың текше м/жыл., текше м/тәулік, текше м/с), оның ішінде таза, ластанған нормативті-тазартылған (әрбір жеке су жіберу бойынша) суларды ағызу мөлшері;

өнімнің бір өлшеміне сарқынды су ағызудың үлес салмағы (мелиорациялық жүйелердің сорғыту және сарқынды сулардан басқа);

әрбір жеке су жіберу бойынша сарқынды сулардың сапалық (химиялық, бактереологиялық және радиологиялық көрсеткіштері) сипаттамасы (сарқынды су құрамындағы заттар, мг/л, кг/тәулік, тн/жыл есебімен);

8) суды есепке алу құралдарының болуы;

9) суды ұтымды пайдалану мен қорғауды қамтамасыз ететін шаралар:

сумен жабдықтаудың айналмалы жүйесі, ауамен салқындату аппараттары;

сарқынды суды тазарту әдістері, тазарту құрылыстарының схемасы, тұрпаты, өнімділігі, олардың жұмысының тиімділік көрсеткіштері (процент және абсолютті қоспалары есебімен);

10) сарқынды сулардың шөгінді ылғалын өңдеу, жою шарттары (

мелиорациялық жүйелердің сорғызу және сарқынды суларынан басқа);

11) балық қорларын, басқа да су жәндіктері мен өсімдіктерін қорғауда қамтамасыз ететін шаралар (балық қорғау және балық өткізу құрылыстары, басқа да тетіктер мен инженерлік құрылыстар, олардың сипаттамасы және жұмыс тиімділігі);

12) су айыру қақпақшасындағы су объектісінің жай-күйіне сарқынды судың әсерін сипаттайтын деректер;

13) сумен жабдықтау көздерін санитарлық қорғау аймақтарының, сарқынды су құрылыстарының көлемдері және аймақтардағы санитарлық режимінің сипаттамасы.

Сарқынды суды бөліп жіберу жөніндегі шараларды жобалау санитарлық шаралардың және жерүсті суларын ластанудан қорғау нормаларының тиісті талаптары бойынша атқарылады;

14) су шаруашылығы жүйелері мен су қоймалары үшін оларды пайдалану режимі (су шығыны, деңгейі, су қоймаларының толтырылу және жұмыс істеу және т.б.) көрсетіледі сондай-ақ инженерлік-геологиялық және гидрогеологиялық анықтамасы көрсетіледі; су шаруашылығы жүйелері мен су қоймаларын пайдаланудың бекітілген ережелері болған кезде аталған ережелер табыс етіледі;

15) ағашты бумай ағызу мен ағашты кеменің сүйреуінсіз бумалап және шарбақтап ағызудың сипаттамасы (ағызудың схемасын, технологиясы мен режимін сипаттайтын деректер - ағаш ағызу жұмыстарының басталуы, олардың ұзақтығы, айлар бойынша ағаш ағызу көлемі, су тоғандарының қалдықтармен және суға батқан ағаштармен былғанып, ластануын болдырмау жөніндегі, өзен арналарын суға батқан ағаштардан тазарту жөніндегі шаралар, оларды жүзеге асыру мерзімдері, сондай-ақ балық қорғау органдарының қорытындысы);

16) арнайы су пайдалану солардың көмегімен жүзеге асырылатын құрылыстар мен техникалық құрылғылар орналастырылған су объектісінің ситуациялық жоспары.

15. Егер су шаруашылық және су қорғау қызметі су пайдалану мен қорғау саласында қолданылып жүрген нормалар мен ережелерді қанағаттандырмайтын болған жағдайда (белгіленген нормалардан жоғары су алу, тазалау және тағы басқа су қорғау құрылыстарының болмауы немесе олардың тиімсіз жұмыс істеуі, су объектілерінің ластануы және т.б.) жұмыс істеп тұрған кәсіпорындарға арнайы су пайдалануға рұқсат берілмейді.

Мұндай жағдайларда су пайдалануды реттеу мен қорғау жөніндегі органдар арнайы су пайдалануға рұқсат беруден бас тартылған себептерді көрсете отырып, қорытынды жасайды және бұл себептерді белгілі бір мерзімде жою туралы жазбаша түрде өкім береді.

## 2 тарау. Жаңадан салынып жатқан және қайта құрылған кәсіпорындар, құрылымдар мен объектілер үшін

16. Су тұтынумен, сарқынды суды ағызумен немесе олардың сапалық құрамының нашарлауымен байланысты жаңа кәсіпорындар, құрылыстар мен объектілер салу кезінде, сондай-ақ оларды қайта құру кезінде арнайы су пайдалану шарттарын Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қызмет органдарымен келісу кәсіпорындар, құрылыстар мен объектілер салу үшін алаң (трасса) таңдау жөніндегі жұмыстар жиынтығы өткізілгеннен кейін жүргізіледі. Егер кәсіпорындар мен басқа да объектілерді кеңейту немесе қайта құру кезінде қосымша аумақ талап етілмейтін болса, аталған келісімдер жобалауға тапсырымдар жасалғанға дейін жүргізіледі. Су пайдалану мен қорғауды реттеу жөніндегі органдардың, сондай-ақ мемлекеттік қадағалау органдарының және айналадағы табиғи ортаны және геология мен жер қойнауын қорғайтын мемлекеттік бақылау органдарының лауазымды адамдары жобаланып жатқан объектілердің орналасатын орнын және белгіленген шешімдерін келісуге қатысады.

Бас жобалау ұйымы тапсырыс берушінің тапсырмасы бойынша мемлекеттік органдарына бекітілген салалық (аумақтық) сызбасының немесе суды кешенді пайдалану мен қорғаудың мәліметтері негізінде талдап жасалған материалдарды және ұсынылып отырған алаң (трасса) бойынша негізделген есептерді, талдап жасалған жобалардың тізбесіне, объектінің кіргізілгені туралы мәліметтерді жібереді.

Аталған құжаттамалар бойынша мемлекеттік органдар бір ай мерзім ішінде өзінің сараптамалық қорытындыларын табыс етеді, оларда жоба талдап жасалған кезде орындалуға тиісті су пайдалану шарттары белгіленеді.

Мемлекеттік органдарымен келісуге табыс етілген материалдар құрамында осы Нұсқаудың 17, 18 және 19 тармақтарда айтылған мәліметтер көрсетіледі.

17. Өнеркәсіп, көліктік, коммуналдық, балық шаруашылығы, ауыл шаруашылығы (мелиорация шаруашылығынан басқа) және басқа кәсіпорындарды, құрылыстар мен объектілерді салу үшін алаңдар таңдау кезінде мыналар табыс етіледі:

1) жобаланып отырған объектінің өндірістік қуаты (сыйымдылығы);

2) сумен жабдықтау мен сарқынды суларды бөліп жіберудің қаралған нұсқалары және су алатын жердің, сарқынды суларды қабылдағыштардың орналасқан жерін көрсете отырып ұсынылған нұсқаны негіздеу;

3) ұсынылып отырған су тұтыну көзінің гидрологиялық сипаттамалары, жерүсті суларын сарқылу мен ластанудан қорғау жөніндегі белгіленген шаралар;

4) тұтынылатын және шығарып тасталатын сулардың шектік мөлшері;

5) сумен жабдықтаудың белгіленген жүйесі (суды айналымда, тіке ағыста,

жүйелі және қайталап пайдаланатын сулар);
6) сарқынды суды бөліп жіберу және тазалау шарттары;
7) тұтынылатын және ағызып жіберілетін сарқынды сулардың сапалық ( химиялық, бактериологиялық, радиологиялық) көрсеткіштері;
8) болашақта сумен жабдықтау жүйесінің дамуын ескере отырып санитарлық қорғау аймағының көлемі және аймақтардағы санитарлық режимнің сипаттамасын беру;
9) құрылыстардың санитарлық-қорғау аймақтарының және сарқынды сулардың мөлшері;
10) балық қорларын (балық шаруашылығы тоғандарында) қорғау жөніндегі белгіленген шаралар.
18. Мелиорациялық объектілердің алаңдарын (шекараларының) таңдау кезінде мыналар табыс етіледі:
1) суландырудың (су жаюдың) ұсынылып отырған көзінің гидрологиялық және геологиялық-гидрогеологиялық сипаттамасы мен жерүсті суларын қорғау жөніндегі белгіленген шаралар;
2) суландыру (су жаю) алаңы және суландыратын жерлердегі ауыл шаруашылық дақылдарының құрамы;
3) бассейндік сызбадағы ең жақын осы су айыру құлақшаларының негізіндегі су көздерінен су алудың және су қабылдағышқа коллекторлық-сорғыту суларын ағызудың жол берілген мөлшері мен пункттері. Бұл өзенде су айыру құлақшасы болмаған жағдайда өзеннің тұйықтаушы құлақшасындағы су шаруашылық балансының қарапайым есебі жасалады;
4) балық қорларының қорғау (балық шаруашылығы тоғандарында) жөніндегі белгіленген шаралар;
5) сорғытпа және сарқынды сулардың белгіленген қабылдағышы және оның санитарлық-қорғау аймағының көлемі;
6) сорғытпа және сарқынды сулардың сапалық (химиялық, бактериологиялық, радиологиялық) көрсеткіштері.
19. Гидротораптар мен су қоймаларын салу үшін алаңдарды таңдау кезінде мыналар табыс етіледі:
1) су қоймасының негізделген сыйымдылығы;
2) гидроторап құлақшалары мен мөлшерлік тірелер деңгейі (МТД) белгілерінің қарастырылған нұсқалары;
3) алаңдар: нұсқалар бойынша су қоймасының айдынын пайдаланылатын жерлерге шектес аумақтарды су басуы және су астында қалуы;
4) төменгі сағада санитарлық шығынды қамтамасыз етуді ескере отырып су қоймалары жұмысы режимнің су шаруашылық есебі;
5) су қоймасы арнасын әзірлеудің санитарлық-техникалық жағдайлары;

6) судың зиянды әсерін болдырмау, сондай-ақ балық қорларын қорғау және молықтыру (балық шаруашылығы тоғандарында) жөнінде белгіленген шаралар;

7) құрылыс алаңдарының инженерлік-геологиялық, гидрогеологиялық және санитарлық-эпидемиологиялық сипаттамасы.

20. Арнайы су пайдалану шарттарын келісу туралы құжат мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалаудың басқару органдарының және айналадағы ортаны және геология және жер қойнауын қорғайтын мемлекеттік органдарының өкілдері қол қойған, белгіленген тәртіпте тапсырыс беруші - министрлік, ведомство бекіткен құрылысқа арналған (трассаны) таңдау туралы акт болып табылады.

Арнайы су пайдаланудың қабылданған шешімдері мен шарттарын келісулердің актіде белгіленген қолданылу мерзімдері кәсіпорындарды, құрылыстарды, объектілерді жобалау мен салудың нормативтік ұзақтығынан кем болмауға тиіс.

21. Егер жобалау процессінде салалық (аумақтық) сызба құрамында негіздеуші материалдарды әзірлеу кезінде немесе аланды таңдау кезінде келісілген су пайдалану шарттарын өзгерту қажеттігі туса, аталған өзгерістер тиісті мемлекеттік органдармен келісуге жатады.

22. Жерүсті су көздерінен су пайдалануға рұқсаттар беруді объектіні жобалау процессінде жоба бекітілгенге дейін суды пайдалану мен қорғау реттеу жөніндегі органдар жүргізеді. Рұқсаттардың қолданылу мерзімдері объектіні жобалау мен салудың жалпы ұзақтығынан кем болмайтындай етіп белгіленеді.

23. Жаңадан салынып жатқан мекемелер, ғимараттар және де басқа объектілер үшін арнайы су пайдалануға рұқсаттар жобалардың тапсырма берушілерімен, олардың тапсыруы бойынша бас жобалаушыларға объектілерді жобалау кезінде оларды бекітуге дейін беріледі.

Егер жобаларды қарау мен бекіту немесе құрылыс процессінде берілген рұқсатта белгіленген шарттардың ауытқу қажеттігі туындайтын болса, арнайы су пайдалануға жаңа рұқсат алынуға тиіс.

24. Жобаларды бекіту, сондай-ақ құрылыс кәсіпорындарын, құрылыстарды және судың жай-күйіне әсер ететін басқа да объектілерді қаржыландыру, су тұтынудың ұлғаюымен, сарқынды суды ағызумен немесе олардың сапалық құрамының нашарлауымен байланысты оларды қайта салу арнайы су пайдалануға рұқсат болған жағдайда ғана жүзеге асырылады.

25. Сумен жабдықтау мен су бөліп жіберудің бірыңғай жүйеде жұмыс істеп тұрған объектілермен байланысты емес ауыл шаруашылық кәсіпорында жобалаудың жаңа объектілері бойынша арнайы су пайдалануға рұқсаттар осы шаруашылық жұмыс істеп тұрған құрылыстары мен объектілеріне рұқсаттар ресімделгеніне қарамастан әрбір жобаланып жатқан объектіге беріледі.

Арнайы су пайдалануға рұқсаттары жоқ өнеркәсіптік және басқа объектілерді қайта құру немесе кеңейту кезінде арнайы су пайдалануға бір рұқсат ресімделіп, онда қайта құруға (кеңейтуге) дейінгі, сондай-ақ кеңейтуден кейінгі су пайдалану шарттары көрсетіледі.

26. Барлық объектілер бойынша арнайы су пайдалануға рұқсаттарды ресімдеу үшін мыналар табыс етіледі: сәйкестік мемлекеттік органдарының қорытындыларымен бірге құрылыс үшін алаң таңдау туралы актінің көшірмесі, жоба материалдары бойынша объектінің қысқаша сипаттамасы (өндірістік қуаты, суландыру алаңы, электр қуатын өндіру және т.б.); объектілер құрылысына арналған алаңдарды, сумен жабдықтау көздерін және сарқынды суларды қабылдағышты, арнайы су пайдалану жүзеге асырылатын су алу, су ағызу және бақа құрылыстар мен құрылғыларды көрсете отырып сумен жабдықтау және қашыртқы суды канализациялау схемасы.

27. Өнеркәсіптік, коммуналдық, құрылыс, көлік, балық шаруашылығы, ауыл шаруашылығы (мелиорациялық объектілерден басқа) және басқа кәсіпорындар, құрылыстар мен объектілердің жобалары құрамында мынадай мәселелер көрсетіледі:

1) қазгидромет органдарының деректері бойынша су құлақшаларындағы су объектісінің гидрологиялық және санитарлық-эпидемиологиялық сипаттамасы;

2) аэрация және жер асты сулары аймағының жай-күйіне су пайдаланудың әсерін бағалауға мүмкіндік беретін су объектісінің геологиялық-гидрогеологиялық сипаттамасы;

3) су тұтыну мен су бөліп жіберудің нормативтік негізделген көлемдері: нормативтік құжаттарға сәйкес шаруашылық - ауыз су мұқтаждарына; өнеркәсіп салалары үшін су тұтыну мен су бөліп жіберудің талдап жасалған салалық нормаларына немесе ірілендірілген нормаларына сәйкес өндірістік мұқтаждарға, таза судың, қайталап пайдаланылатын айналым суының шығыны, суды басқа кәсіпорындарға беру, сарқынды суларды суландыруға пайдалану және т.б.;

4) су алу құрылысының өнімділігі;

5) әрбір су алғыш және жекелеген су жібергіш бойынша сумен жабдықтау көздері суының және ағызылатын сарқынды сулардың сапалық (химиялық, бактериологиялық, радиологиялық) көрсеткіштері;

6) су алу құрылыстарынан балықтардың түсуін болдырмау жөніндегі, балық қорларын қорғау және молықтыру жөніндегі (балық шаруашылығы тоғандарындағы) шаралар мен қоса белгілі конструкциялы балық қорғау құрылғыларының құрылыс мерзімдері және оның іске қосылуы жөніндегі құжаттар болуы керек;

7) сарқынды суларды тазарту құрылыстардың сызбасы, түрпаты және өнімділігі (су жібергеннің басқы бөлігінің тұрпаты көрсетіле отырып) сарқынды

суларды тазартудың зиянсыздандыру мен залалсыздандырудың негізгі есептеу параметрлері және күтіліп отырған техникалық тиімділік (проценттер мен абсолютты концентрациялар есебімен);

8) тоғанға қашыртқы су жіберуде де, сондай-ақ сүзу, жинақтау алқабына және жер бедеріне қашыртқы су жіберуде де сарқынды сулармен ластаушы заттарды ағызудың жол беруге болатын шегінің (АЖББШ) есебі;

9) шаруашылық - ауыз сумен жабдықтау көздерінің санитарлық - қорғау аймақтарын ұйымдастыру жөніндегі шаралар;

10) сарқынды су құрылыстарының және суландыру алқаптарының санитарлық - қорғау аймақтарын ұйымдастыру жөніндегі шаралар;

11) алынған және ағызылған суларды есепке алуды қамтамасыз ету және ағызылған судың сапалық құрамын анықтау жөніндегі шаралар;

12) су тұтыну мен су бөліп жіберудің баланстық сызбасы және есептері;

13) "Қоршаған ортаны қорғау" бөлімінің материалдары;

14) "Қоршаған ортаға ықпал етуді бағалау" бөлімінің материалдары;

15) балық шаруашылық тоғандары үшін қоршаған табиғи ортаны қорғайтын мемлекеттік бақылау органдарымен келісілген тоғандардың балық шаруашылық сипаттамасы.

Канализацияның біріккен жүйесі құрылыстарын және мекеннің сарқынды суларын тазарту жөніндегі бірыңғай құрылыстарды жобалаған кезде әрбір кәсіпорындағы сарқынды сулардың жұмсалуы мен олардың сапалық сипаттамасы, сондай-ақ сарқынды сулардың орта есеппен алғанда жалпы қалалық шығыны және тазарту құрылысына түсер алдындағы олардың сапалық құрамы көрсетіле отырып осы құрылыстарға сарқынды суларын жіберу көзделген кәсіпорындардың тізбесі табыс етіледі.

Егер жобаланып жатқан объектінің сарқынды суларын салынып жатқан тазарту құрылыстарына толығымен немесе ішінара жіберу көзделсе, объекті мен тазарту құрылыстарының пайдалануға берілу мерзімі туралы құжат, сондай-ақ бұл объектінің сарқынды суларын салынып жатқан тазарту құрылыстарына қабылдау мүмкіндігі туралы кепілді растама табыс етіледі.

Елді мекендерді сумен жабдықтауды жобалық дамыту көлемдері мен пайдалануға берілу мерзімдері жағынан канализация жүйелерін және сарқынды суларды тазарту құрылыстарын тиісінше дамытумен ұштастырылуға тиіс.

Қалалық су құбыры құрылыстарының жобалау кезінде өндірістік және шаруашылық-ауыз су мұқтаждарына жұмсалатын суды негіздей отырып, қалалық су құбырына қосылған кәсіпорындардың тізбесі табыс етіледі.

28. Мелиорациялық объектілерге (суландыру, су жаю және суландыру - су жаю жүйелеріне) арнайы су пайдалануға рұқсаттарды ресімдеу үшін (жоба және коллекторлық-сорғытпа сулары қабылдағыш (гидрологиялық және

геологиялық-гидрогеологиялық сипаттамалар), пайдалы әсер коэффициенті (ПӘК), жүйелері, жүйе үшін алынатын су мөлшерін негіздеу, сарқынды және сорғытпа сулардың мөлшері, оларды қайталап пайдалану, жүйенің алынатын және ағызылатын суларын есепке алуға арналған жабдықтармен және аппаратурамен жарақталуы, көзделген балық қорғау және балық өткізу құрылғылары (тек балық шаруашылығы тоғандарында).

Биогендік заттардың, улы химикаттардың болуы және минералдануы жағынан сарқынды және сорғытпа сулардың сапалық құрамы, сондай-ақ сарқынды және сорғытпа суларды жіберудің әсерімен тоған суы сапасының өзгерістерін болжау.

Мал шаруашылығы кешендерінің сарқынды суларын суландыру үшін пайдаланған кезде әрбір элемент (азот, фосфор) бойынша сұйық қи енуінің жылдық нормалары және құрамында қи бар сарқынды суларды кәдеге жарату үшін қажетті алаңдардың есебі көрсетіледі.

29. Гидроторaптар мен су қоймаларының салу кезінде мыналарды сипаттайтын материалдар табыс етіледі:

1) гидротараптар мен су қоймаларының атқаратын қызметі;

2) су қоймаларының сыйымдылығы мен қайтарылымдығын негіздеу, сарқынды суды реттеудің сипаттамасы (тәуліктік, апталық, маусымдық, көпжылдық);

3) су қоймасы айдынының аумағы;

4) аумақтарды су басуымен және олардың су астында қалуымен, жағалалардың қайта қалыптасуымен, гидрологиялық және гидрогеологиялық режимдердің өзгеруімен байланысты туындаған жағдайлар;

5) судың зиянды әсерін болдырмау жөніндегі шаралар (топырақ үйіп бөгесіндер жасау және олардың алаңы, сорғыту арықтары, жағалауды бекіту және т.б.), таяз сулы алаңқайларға топырақ үюдің су қоймаларын балық шаруашылығына пайдалануға әсері;

6) жобаланып отырған су қоймасы алаңқайлардағы және сарқынды суды реттеумен байланысты төменгі сағадағы судың сапасын болжау; сондай-ақ өзен бойымен төмен орналасқан су алу құрылыстарының іркіліссіз жұмысын қамтамасыз ететін санитарлық су өткізу және су жұмсау;

7) су қоймасындағы, қалыпты пайдалану кезіндегі тірек қақпағындағы судың нормативтік деңгейлері, сондай-ақ қалыпты тірек деңгейінен асыруға не ең жоғарғы шектік тірек деңгейіне немесе су қоймасының ең төменгі жобалық деңгейден төмен деңгейде жұмыс істеуіне жол берілетін жағдайлар;

8) гидроторaптың төменгі сағасында қамтамасыз етілуге тиісті (ең төменгі және ең жоғары) су деңгейлері;

9) тәулік ішіндегі ауытқушылықтар шегінің барынша жол берілген мәндері мен жылдың түрлі кезеңдері үшін жоғарғы және төменгі сағалар деңгейлерінің

төмендеу интенсивтілігі;

10) су қоймасынан сумен жабдықтауға, суландыруға (жыл уақыты мен сулылығына қарай) су берудің көлемі мен шығынының шектік мөлшерлері; балық шаруашылығына, ауыл шаруашылығына, кеме қатынасына су жіберу мөлшері;

11) өзеннің төменгі жағына орналасқан су алу құрылыстарының іркіліссіз жұмысын қамтамасыз ететін санитарлық су жіберу және су жұмсау;

12) су қоймасы арнасын дайындаудың санитарлық-техникалық жағдайлары;

13) су қоймасы арнасының инженерлік-геологиялық және санитарлық-эпидемиологиялық сипаттамасы (ол тау-кен орны үстінде орналасқан жағдайда) және жер қойнауының пайдалы қазбаларды алу мүмкіндігін қамтамасыз ететін шаралар;

14) балық қорларын, басқа да су хайуанаттары мен өсімдіктерін қорғау мен молдықтыруды қамтамасыз ететін шаралар және олардың балық өсіру - биологиялық негіздемесі: гидротораптарды жоғарғы және төменгі сағасынан балықтарды өткізу (балық өткізгіш құрылыстарды тұрпаты, конструкциясы, орналастыру, есептеу параметрлері, гидравликалық негіздемелер), уылдырық-балық өсіретін шаруашылықтарды және басқа да балық өсіретін объектілерді салу, су қоймасының болжанған балық өнімділігін ескере отырып оларды қуаттарын негіздеу, уылдырық шашатын және балық кәсіпшілігі алаңқайларын мелиорациялау;

15) кеме өткізу және ағаш өткізу құрылыстары (өзен флоты мен ағаш ағызу органдарымен келісілген тұрпаты мен конструкциясы), шлюз салу кезінде судың шығын болуы;

16) су қоймасының және төменгі сағаның нормативтік деңгейлерін, сондай-ақ су қоймасынан мүдделі органдардың су шаруашылығына су жіберу мөлшерлерін келісу материалдары.

Гидротораптар мен су қоймаларын жобалау және салу су қоймаларын жобалаудың, салу мен пайдалануға берудің санитарлық ережелерін басшылыққа алған жөн.

30. Ағаштарды бумай ағызу, сондай-ақ ағаштарды кеменің сүйреуінсіз бумалап және шарбақтап ағызу объектілерінің жобалау кезінде мыналар табыс етіледі:

1) су жолдарына қарай созылып жатқан орман алқаптарын көрсететін ағаш шикізаты базасының сызбасы;

2) ағаштарды бумай ағызудың немесе ағаштарды кеменің сүйреуінсіз бумалап және шарбақтап ағызудың көлемін негіздеу және ағаштарды тасымалдаудың басқа әдістерімен салыстырғанда оның қажеттігі;

3) ағаштың шағын болу нормативтері;

4) ағаш ағызудың сызбасы, технологиясы мен режимі;

5) айналадағы табиғи ортаны қорғайтын мемлекеттік бақылау органдарымен келісілген ағаш ағызу жұмыстары жүргізілетін алаңқайдағы су объектісінің гидрологиялық және балық шаруашылық сипаттамасы;

6) суларды және балықтарды қорғау шаралары (су тоғандарын қалдықтармен және суға батқан ағаштармен ластану мен былғануын болдырмау).

31. Жағадан салынып жатқан кәсіпорын, құрылыс, объекті үшін берілген рұқсаттарда белгіленген арнайы су пайдалану шарттары олардың жобаларында ескерілуі керек және объекті тұрақты пайдалануға берілгеннен кейін міндетті болып табылады.

Аталған рұқсат құрылысы аяқталған объектіні өз балансына қабылдап алған кәсіпорынға беріледі.

**2 бөлік. Жерасты сулары**

32. Арнайы су пайдалануға рұқсат алу үшін Геология және жер қойнауын қорғау комитетіне (Комитет) немесе оның аумақтық бөлімшелеріне белгіленген нысанда тапсырыс беріледі.

33. Тапсырысқа қоса алдын-ала жер бөлігі, су пайдалану объектісінің бұрыш нүктелері координаттарымен бірге жай-күйлік тесімі мен сипаттамасы келтірілген қысқаша түсініктеме жазба беріледі.

34. Материалдарда объектіні пайдалану құқығын және өтінушінің объектіні су пайдалану үшін игеруге қаржылық және техникалық қауқарлығын бағалауға қажет нақты жағдайы мен мүмкіндігі барлығын куәландыратын, сондай-ақ су пайдалану шарттарын анықтау үшін, су пайдалану мен сарқынды суларды ағызудың көлемдерін нақты анықтау, соның ішінде барлық сумен қамтудың көздері мен сарқынды сулардың қабылдағыштары, бұған қоса сумен қамту жүйесіне қосылатын мекемелердің тізімі көрсетілген сумен қамту және су жіберу сызбасы, оларды қарау мен геологиялық сараптамасын жүзеге асыруға өтінушінің қатысуынсыз жасау мүмкіндігін туғызатын құрамда және түрде берілуі тиіс.

35. Арнайы су пайдалануға рұқсат мына жағдайларда беріледі:

1) жерасты суларын шаруашылық-ауызсу және өндірістік-техникалық қажеттер үшін, жылумен және ыстық сумен қамсыздандыру, бальнеотерапевтік қолданыс, құнды құрамдастарды ажыратып алу, жерлерді суару және жайылымдарды суландыру үшін;

2) жерасты суларын қатты пайдалы қазбалар, мұнай және газ кенорындарын игеру (жою немесе тоқтатып қою) кезінде, өнеркәсіптік және азаматтық объектілерді салу барысында, жақсартылатын жерлер мен ыза суы көтерілген аумақтарды кәріздеу кезінде, сондай-ақ жер қойнауын ластандыру ошақтарын жою және (немесе) ошақтау кезінде;

3) жер қойнауына өнеркәсіптік, коммуналдық-тұрмыстық, кәріздік шайынды суларды ағызу, сондай-ақ тау жыныстарының сулы қабаттарына немесе қуыстарына сулар мен газдарды айдау кезінде.

36. Арнайы су пайдалануға рұқсат жерасты суларын алу үшін мемлекеттік геологиялық сараптаудан өткен қорлардың зерделену дәрежесі бойынша өнеркәсіптік игеруге әзірленген объектілерге, сондай-ақ жете зерттелген және геологиялық сараптаудан өткен тау жыныстарының сулы қабаттарына немесе қуыстарына өнеркәсіптік, коммуналдық-тұрмыстық, кәріздік және басқа шайынды суларды ағызу немесе сулар мен газдарды айдау кезінде.

37. Арнайы су пайдалануға рұқсат жерасты сулары кенорындарының барлық алаңына да, оның бөлігіне де, жаңадан игерілетін (пайдаланылмайтын алаңшалар) және пайдаланылатын объектілерге (пайдаланылатын алаңшалар) де беріледі. Су пайдаланудың әр түріне жеке рұқсат беріледі.

38. Жерасты суларын ұтымды пайдалануды және оларды сарқылу мен ластанудан сақтауды қамтамасыз ететін Комитетпен немесе оның аумақтық бөлімшелерімен келісілген технологиялық тәсілдерді пайдалану жағдайында су пайдалану рұқсатын бір объектіге бірнеше су пайдаланушыға беруге жол беріледі. Су пайдалану объектісін тұтыну жөніндегі әрекеттерді үйлестіру жалпы су пайдаланушының біреуіне жүктеледі. Бұл шартта және кенорнын пайдалану кезінде оның басқа бөліктерінің тұтыну режимін анықтайтын шарттар да және олардың бір-біріне келеңсіз әсерін болдырмайтындай етіп, әрбір арнайы су пайдаланушыға берілетін рұқсаттарда қадап белгіленеді.

39. Бірнеше су пайдалану объектілеріне арналған бір рұқсат табыстауға жол берілмейді.

40. Мұқтаждығы тәулігіне 1 мың м3 дейін шағын су пайдаланушылар үшін іздестіру-бағалау жұмыстарының нәтижесінде қабылданып, С1 және С2 санаттарына жатқызылған пайдалану қорлары, рұқсат беруге негіз болып табылады.

41. Арнайы су пайдалануға рұқсат алу және геологиялық барлау жұмыстарын жүргізу, су ағызу ұңғымаларын өту мен пайдалану құқығын береді (пайдалы қазбаларды өндіруге байланысты емес жұмыстарын қоса), жерасты ғимараттарын салу Таукентехқадағалау органдарынан 1000 метрден терең ұңғымалар үшін бұл жұмысты техникалық қауіпсіздік жүргізу жөніндегі рұқсат алынған болса, жүзеге асырылады.

42. Арнайы су пайдалануға рұқсаттар мынадай су алу ғимараттарын пайдаланғанда қажет етілмейді: қазылған шахта құдықтарын, ұрып-қағылмалы сүңгілік (абиссиндік) құдықтарын және 20 м тереңдікке дейінгі жалғыздаған ұңғыларды, сондай-ақ орталық сумен жабдықтау үшін пайдаланылмайтын бірінші сулы қабат бетінен барлық жағдайда тәулігіне 50 м3-ден аспайтын су

алымымен ықтиярсыз төмендеуді қажет етпей жұмыс істейтін шегенді құрылғыларға.

43. Арнайы су пайдалануға рұқсат су пайдалану шарттары белгіленетін объектіні игеру жобасы ескеріледі.

Жобада жерқойнауы су пайдалану объектісін салу мен пайдалануына қажет мәліметтер, оның ішінде шығарылатын (ағызылатын) сулардың сапалық көрсеткіштері (химиялық, радиологиялық және басқа), санитарлық-қорғау және басқа белдеулер мен аймақтардың мөлшері мен оларды ұстау жағдайларының, алаңқайдың жалпы геологиялық-гидрогеологиялық жай-күйі, жерасты суларының орналасу тереңдіктері, олардың деңгейлік режимі, жерүсті және жерасты суларының гидравликалық байланысы туралы, сондай-ақ бекітілген қорлар мен жерасты суларының қалыптасуы туралы деректер болуы тиіс.

Жобаның ішінде мемлекеттік экологиялық сараптаудан өткеннен кейін Комитетпен және оның аумақтық бөлімдерімен келісілген "Объектінің қоршаған ортаға әсеретуін бағалайтын", "Жер қойнауы мен қоршаған орта қорғау" және " Жер қойнауы мен жер асты суларының мониторингі" бөлімдері болуы керек, а егер осы Нұсқаудың 41-бабында көрсетілген сулар 1000 метрден не одан да төмен метрден шығарылатын болса, онда Мемлекеттік тау-кен бақылаумен келісілуі керек.

44. Сіңіргіш ұңғымалар мен құдықтар арқылы жер астындағы сулы қат-қабатқа кәсіпорындар мен басқа да объектілердің өнеркәсіптік және шаруашылық-фекалдық сарқынды суларын ағызуға бұл ұңғымалар мен құдықтар шаруашылық-ауыз сумен жабдықтау үшін немесе емдік мақсаттарда пайдаланып отырған немесе пайдаланылу көзделген сулы қат-қабатты ластау көзі болып табылмайтын жағдайда мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қызметпен келісім бойынша рұқсат беріледі.

Аталған жағдайларда мыналар табыс етіледі:

1) жер астындағы сулы қат-қабаттарға сарқынды суларды ағызу қажеттігінің мұндай сарқынды сулар түрін тазалаудың талдап жасалған технологиясы жоқ екендігі туралы құжаттармен расталған негіздемесі;

2) геологиялық және гидрологиялық материалдар, сондай-ақ сарқынды суларды ағызудың санитарлық сенімділігі мен қауіпсіздігін растайтын, сарқынды сулардың сулы қат-қабатқа таралуының ықтимал шекараларының және оның қабылдау мүмкіндігін сипаттайтын санитарлық-бактериологиялық және басқа да арнаулы зерттеулердің деректері;

3) сарқынды сулардың мөлшері, химиялық құрамы мен санитарлық сипаттамасы жөніндегі деректер;

4) сарқынды суларды айдау режимі (тәуліктік шығындар, қысым, резервтік сыйымдылықтар және т.б.);

5) сіңіргіш ұңғымалар мен құдықтардың конструкциясы, жоғары жатқан сулы қат-қабаттарды ластанудан оқшалаудың әдісі;

6) сарқынды сулардың ағызылуына бақылау жасау әдістері.

45. Арнайы су пайдалануға рұқсат шарттарын келісімдеу, бұл үшін әрбір өкілетті мемлекеттік орган арқылы тәуелсіз түрде арнайы су пайдалану жобасын алған сәттен бастап бір айдың ішінде орындалуы тиіс.

46. Комитетке және оның аумақтық бөлімшелеріне келіп түскен, мемлекеттік органдармен келісімдеулер тапсырыс пен өтініш берілген объект бойынша материалдар жинағы бірге шешім қабылдау үшін, геологиялық сараптаудан өтеді . Осы Нұсқаудың 51 тармағында көрсетілген себептер бойынша бас тартылса, ол туралы өтінушіге жазбаша хабарлама беріледі. Рұқсат беру туралы шешім Комитеттің гидрогеология басқармасымен немесе аумақтық бөлімнің сәйкес бөлімімен бір ай мерзімінде қабылданады.

47. Арнайы су пайдалануға рұқсатты Комитет немесе оның аймақтық бөлімдері белгіленген үлгі бойынша ресімдейді.

48. Арнайы су пайдалануға рұқсатта мазмұнды бөлік және мыналар жайында кіргізілген су пайдалану шарттары болуы керек:

1) рұқсаттың жарамдылық мерзімі және оны ұзартудың шарттары;

2) рұқсаттың пайдалану және ұзарту мерзімі, объекті пайдаланудың жобалары мен жұмыстарды бастауды келісімдеуге беру мерзімі;

3) жер асты суларын ауызсулық, техникалық, минералдық, жылу-энергетикалық және өнеркәсіптік алудың ең жоғарғы мөлшері мен пайдалану тәртібі;

4) жерасты суларын құрғату, су деңгейін төмендету және қатты пайдалы қазбалар, мұнай мен газ кен орындарын игеруде табиғат қорғау шараларында, сондай-ақ жерқойнауын пайдаланудың басқа да түрлерін жүргізу кездерінде шығарудың ең жоғарғы мөлшері мен тәртібі;

5) көзделген мақсатқа пайдаланылғаннан кейін ағызылатын сулардың орны мен шарттары мен жер қойнауына ағызылатын шайынды сулардың ең жоғарғы ықтимал кесімделген мөлшері;

6) жер қойнауындағы зиянды заттардың көмілген және шоғырланған көлемдері;

7) жер асты суларының шектік деңгейі, статистикалық және қабаттық қысымы ;

8) қайта су пайдаланудың шарттары;

9) жер бетіндегі ағынның жол берілген азаюы және бірінші сулы қабаттың бетінен жол берілген төмендету деңгейі;

10) тау-кендік геологиялық байлама сызбасында және оған жақын орналасқан аумақтарда жер қойнауына жер асты суларына мониторинг жүргізудің, жер

қойнауының жер асты сулары бөлігінде мемлекеттік мониторингтің ақпараттық компьютерлік жүйедегі Құжаттар Банкін жүргізудің шарттары тау-кен-геологиялық тесім шеңберіндегі;

11) жер асты суларының сапасына қойылатын бастапқы және шектік талаптар;

12) санитарлық қорғау (округтың) белдемнің және санитарлық-қорғау белдемінің шекаралары;

13) санитарлық-эпидемиологиялық ахуалды сауықтыру жөніндегі қажетті шаралардың құрамы мен өткізу мерзімдері;

14) су дайындау шарттарының құрамы мен өткізу мерзімдері;

15) жер қойнауын және қоршаған ортаны қорғау жөніндегі шаралар және жұмыстарды қауіпсіз жүргізудің міндеттемелері, су пайдаланудың өндірістік бақылауын жүзеге асырудың шарттары;

16) жобаланған (істеп тұрған) су алу және су ағызу ғимараттарының пайдалану әсерінің және басқа су пайдаланушылардың су пайдалану шарттарына , экологиялық шарттарға және инженерлік ғимараттарға тигізетін теріс әсерінің орнын толтыру үшін жүргізілуі тиіс шаралардың құрамы мен мерзімдері;

17) жер қойнауы мемлекеттік мониторинг жүйесіне енгізу үшін Комитетке немесе оның бөлімшелеріне су пайдалану туралы ақпарат (магнитті және т.б. ұстамаларда) берудің құрамы, нысаны, мерзімдері, кезеңділігі және тәртібі;

18) жер қойнауын пайдалану барысында алынатын ақпаратқа құқығы.

Су пайдалану объектілеріне және су алу (су жіберу) ғимараттарының өндірісіне, мониторингтік және геологиялық барлау жұмыстарына рұқсат алу үшін белгіленіп контурланған алаңшамен тау-кендік геологиялық байлама сызбасы қосылып беріледі.

Рұқсат заңдарына және осы Нұсқауға қайшы келмейтін басқа да міндеттемелермен немесе Тараптардың келісімі бойынша белгіленетін шарттармен толықтырлуы мүмкін.

49. Рұқсаттың жарамдылық мерзімі су пайдаланудың түріне, су пайдалану объектілерінің өнеркәсіптік игерілуге даярлығына, геологиялық-гидрогеологиялық, гидрохимиялық жағдайларына байланысты белгіленеді.

50. Рұқсат уақытша су пайдалануға беріледі. Уақытша су пайдалану қысқа мерзімге - 3 жылға дейін және ұзақ мерзімге - 25 жылға дейін болуы мүмкін.

Жер асты суларының барлық түрлеріне ұзақ мерзімге - 25 жылға, ал осы Нұсқаудың 40 және 41 баптарында көрсетілгендей, жер асты суларын құрғату, су деңгейін төмендету мен геологиялық барлау жұмыстарын жүргізгенде және табиғат қорғау шараларын жүргізгенде, шығарғанда және өнеркәсіптік, коммунальдық-тұрмыстық, кәріздік және басқа шайынды суларды,

технологиялық ерітінділерді жер қойнауына жіберу - 3 жылға пайдалануға рұқсат беріледі.

51. Арнайы су пайдалануға рұқсат мынадай жағдайларда берілмейді:

1) мемлекеттік геологиялық сараптама қорытындысы оң болмаған жағдайда;

2) тапсырысты бергенде рұқсат алу тәртібінің шаралары бұзылуына байланысты;

3) жерасты сулары сандық және сапалық тұрғысынан өтінілген тұтынымды қанағаттандыра алмайтын болса;

4) егер су пайдалану объектісін игеру қоршаған табиғи ортаға, оның ішінде жер қойнауына жол берілген экологиялық нормативтерден асып кететіндей, теріс әсер ететін болса.

52. Комитет және оның аумақтың органдары дәлелді бас тарту жасағанда ол туралы өтінушіге жазбаша түрде хабарлама береді;

53. Арнайы су пайдалану рұқсатын беруден бас тартқанда өтінуші сот арқылы шағымдануы мүмкін.

54. Су пайдаланушы рұқсат алғаннан кейін міндетті шарттар белгіленген мерзімдерде Комитетке немесе оның аумақтық органдарына объектіні пайдалану немесе игеру (кенорны, алаңқай, көму полигоны) жобасын келісімдеуге ұсынады.

55. Рұқсат су пайдалану объектісі орналасуының ситуациялық тесімімен қоса беріледі.

## 3 бөлім. Арнайы су пайдалану шарттарының өзгеруі және оның рұқсаттарының тоқталуы

56. Егер жобалау барысында немесе жобаны бекітуде, сондай-ақ кәсіпорындарды, ғимараттарды және объектілерді салу, қайта құру немесе техникалық жағынан қайта жарақтандыру кезінде арнайы су пайдалану шарттарын су тұтынудың, шайынды суларды ағызудың көбеюіне, немесе олардың сапалық құрамының нашарлауына байланысты су пайдалану шарттарын өзгерту қажеттігі туындағанда су пайдаланушы арнайы су пайдалануға жаңа рұқсат алуға тиіс. Өтінімде, осы Нұсқау қарастырылған барлық деректермен қатар, олардың себептерінен арнайы су пайдалану шарттарының өзгеруі туындап отырған жағдайлар көрсетеді.

57. Арнайы су пайдалануға рұқсат берген мемлекеттік органдар су және табиғат қорғау заңдары бұзылған жағдайларда оны тоқтатуға құқылы.

Рұқсаттың жарамдылығы тоқтатылғанда оны берген орган, бұл тоқтатудың себептерін көрсетіп, су пайдаланушыға жазбаша түрде хабар етеді және оларды жою үшін ақылға сиярлық мерзім белгілейді. Рұқсатты тоқтату себептері жойылғаннан кейін оның жарамдығы жаңғыртылады, ол туралы су пайдаланушы жазба түрде хабардар етіледі.

58. Арнайы су пайдалануға рұқсат, егер су пайдаланушы рұқсатта берілген шарттарды сақтамаған жағдайларда және суды ұтымды пайдалану мен жер қойнауы мен су ресурстарын қорғаудың өзге де қағидаларын бұзғаны үшін тоқтатылуы мүмкін. Бұл жағдайларда рұқсаттарды тоқтату ресімі Комитеттердің нұсқауларын су пайдаланушы орындамағаннан кейін жасалады.

59. Су пайдалану құқығы рұқсатты берген орган немесе оның жоғарғы ұйымының шешімі бойынша рұқсатты тоқтату жолымен мынадай жағдайларда доғарылады:

1) су пайдаланудың қажеті болмай қалғанда немесе одан бас тартқанда;

2) су пайдалану мерзімі өткенде;

3) заңды ұйым таратылғанда, азамат қайтыс болғанда;

4) су тоғандарын белгіленген тәртіпте басқа заңды ұйымдар мен азаматтарға бергенде;

5) суды пайдалану және қорғау шарттары бұзылғанда;

6) суды көзделген мақсатқа пайдаланбаған реттерде;

Қазақстан Республикасының заңдарында заңды ұйымдар мен азаматтардың су пайдалану құқығын доғарудың басқа да негіздері көзделу мүмкін.

## 4 бөлім. Арнайы су пайдалану рұқсаттарын тіркеу мен есепке алу тәртібі

60. Арнайы су пайдалануға рұқсат беретін Комитеттер мен олардың аумақтық бөлімшелері су пайдалануды есепке алуға және берілген рұқсаттардың есебін жүргізуге міндетті.

61. Рұқсаттар мен су пайдалану объектісі бойынша солардың кезінде рұқсат берілген материалдар Комитеттерде және олардың аумақтық бөлімшелерінде әрбір су пайдаланушы бойынша жеке-жеке етіп сақталады.

62. Мемлекеттік орган су пайдалануды есептеу және жедел басқару мақсатында арнайы су пайдалану жөніндегі барлық ақпаратты автоматтандырылған деректер банкіне енгізеді.

63. Арнайы су пайдалану шарттарының сақталуына бақылауды өкілетті мемлекеттік органдар жүзеге асырады.

64. Су пайдаланушылар заңдарға сәйкес белгіленген салықтар мен бюджетке түсетін басқа төлемдерді уақытында өтеп отыруға, табиғат қорғаудың, сулық, санитарлық заңдардың талаптарын және де Қазақстан Республикасының жер қойнауы жөніндегі заңдарын сақтауға міндетті.

65. Арнайы су пайдалану шарттарын келісімдеу кезіндегі су пайдаланушы мен мемлекеттік органдар арасындағы қайшылықтар су пайдалануға рұқсат берген сәйкес Комитеттерде қаралады.

Келісімдейтін мемлекеттік органның шешімі қанағаттандырмаған жағдайда, шешім сот тәртібімен шығарылуы мүмкін.

Геология және жер қойнауын қорғау Комитеті Төрағасының 2001 жылғы 20 маусымдағы N 155-п және Су ресурстары жөніндегі Комитеттің Төрағасының 2001 жылғы 20 маусымдағы N 50-п бірлескен бұйрығымен бекітілген

## АРНАЙЫ СУ ПАЙДАЛАНУҒА ЖАТАТЫН СУ ОБЪЕКТІЛЕРІНІҢ ТІЗБЕСІ

Жерүсті және жерасты су объектілерінің немесе олардың бөліктерін халықтың ауыз су және тұрмыстық мұқтаждарын, ауыл және балық шаруашылығының, өнеркәсіптің, энергетиканың, су көлігінің, ағаш ағызудың және өзге де қажеттіліктер үшін, суға қажетсінулерін қанағаттандыру үшін, сондай-ақ, егер аталған су пайдалану мынадай құрылыстар мен техникалық құрылғыларды қолдана отырып жүргізілсе, өнеркәсіп, коммуналдық-тұрмыстық, сорғыту және басқа да сарқынды суларды ағызу үшін пайдалану арнайы су пайдалануға жатады:

1) жерүсті:

жерүсті және теңіз суларынан механикалық жолмен және өз бетімен ағатын су алу жөніндегі тұрақты, жылжымалы және жүзбелі құрылыстар;

жерүсті және теңіз суларына өнеркәсіптік, коммуналдық-тұрмыстық, коллекторлық-сорғыту, нөсер және басқа да сарқынды суларды, сондай-ақ шахталардан, карьерлерден, кен оймасынан сыртқа тартып шығарылған суларды ағызып жіберуге арналған су бөліп жіберу құрылыстары;

суармалы егістік алқабына, жер бедеріне сарқынды суларды бұрып жіберуге, булануға, жер бедеріне сүзілуіне арналған құрылыстар;

бөгеттер мен басқа да су тоқтатқыш және су реттегіш құрылыстар (оның ішінде уақытша бөгегіш құрылыстар);

гидравликалық электр станциялар;

сумен жабдықтауға, пайдаланылған суларды ағызып жіберуге, сондай-ақ суларды суытуға арналған жылу және атом электр станцияларының су шаруашылық құрылыстары;

суландыру, су жаю және суландыру-су жаю мен құрғату жүйелері;

су тоқтату құрылыстары арқылы кемелер мен салдардың өтуін қамтамасыз ететін кеме өткізу және ағаш өткізу құрылыстары;

улардың жай-күйіне әсер ететін басқа да техникалық құрылғылар; Арнайы су пайдалануға, сондай-ақ ағаштарды бумай ағызу, сондай-ақ ағаштарды кеменің сүйреуінсіз бумалап және шарбақтап ағызу да жатады;

2) жерасты:

жер асты суларын шығаруға және де басқа мақсаттарда, соның ішінде жер асты суларының күйіне әсер ететін, құрғатулық, су деңгейін төмендетулік және

табиғат қорғау істерін жүргізу кіргізілген, сорғыш құрылғылармен және басқа да су көтеру құралдарымен жабдықталған су қабылдағыш құрылыстар;

сарқынды және басқа да суларды жер қойнауына жіберуге және басқа да мақсаттардағы су қашыртқылық құрылыстар (ұңғымалар, құдықтар, шахталар және т.б.);

пайдаланылып жатқан шығаруға арналған тау-кен орындарындағы (шахталар, карьерлер, штольнялар, қималардан және т.б.) су бұрып жіберу құрылыстары;

жер асты суларын шығару үшін, су деңгейін күшпен төмендетпейтін өзінше ағатын ұңғымалар, шахталық құдықтар, бұлақтарды шегендеу және басқа да кіші құрылыстар;

өнеркәсіптік, коммуналдық-тұрмыстық, құрғату және басқа да сарқынды суларды, технологиялық ертінділерді жер асты сулы қат-қабаттары мен тау жыныстарының қуыстарына жіберуге арналған сіңіргіш ұңғымалар мен құдықтар;

көмірсутегілік шикізатты өндіргенде және жер асты шаймалануы арқылы қатты пайдалы қазбалардың зерттелген орындарында өнім шығарғанда, қабаттың қысымын бірқалыпты ұстауға арналған айдау ұңғымалары.

Су объектілеріне мыналар жатады:

1) жер үсті:

өзендер, көлдер, батпақтар, тоғандар, су қоймалары, басқа да жерүсті су ресурстары, сондай-ақ каналдар мен магистралды су жолдарының сулары;

мұздықтар;

Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасы шегінде Каспий және Арал теңіздерінің сулары;

2) жер асты:

жер асты суларының алабтары (осының ішінде артезиандық);

жер асты суларының зерттелген орындары (шаруашылық-ауызсулық, өндірістік, жылуэнергетикалық, емдік-минералдық, жерлерді суару және жайылымдарды суландыру және басқа);

сулы қат-қабаттар және кешендер (грунттық, жарықшалы-карсттік, желілік және басқа);

табиғи және қолдан жасалған жер асты сыйымдықтары мен резервуарлары, ақырын өткізгіш тау жыныстары мен аэрация белдемдері.

Геология және жер қойнауын қорғау Комитеті Төрағасының 2001 жылғы 20 маусымдағы N 155-п және Су ресурстары жөніндегі Комитеттің Төрағасының 2001 жылғы 20 маусымдағы N 50-п бірлескен бұйрығымен бекітілген

## АРНАЙЫ СУ ПАЙДАЛАНУҒА РҰҚСАТТАР БЕРУ КЕЗІНДЕ РЕСІМДЕЛЕТІН ҚҰЖАТТАМА

Су пайдалану мен қорғауды реттеу жөніндегі органдар берген арнайы су пайдалануға рұқсаттар тіркеу журналына енгізіліп, онда мыналар көрсетіледі:

1) су пайдаланушы объектінің атауы, оның орналасқан жері және қандай ведомствоға жататыны;

2) арызшы жайындағы мәліметтер;

3) су пайдаланудың түрі мен мақсаты;

4) арнайы су пайдалануды жүзеге асыратын су объектісінің атауы;

5) белгіленген су пайдалану шарттарының қысқаша сипаттамасы (су алу, сарқынды су ағызу мөлшері және т.б.);

6) қандай құжаттар негізінде рұқсат берілген (жобалау материалдары, өтініш хат, су пайдалану жағдайларын келісімдеуші мемлекеттік органдардың қорытындысы және т.б.);

7) құжаттаманың түскен және рұқсатты беру күні;

8) рұқсат қандай мерзімге берілген.

Рұқсат беруден бас тартылған немесе оның күшін жойған жағдайда, тіркеу журналында бас тартудың немесе рұқсаттың күшін жою себептері көрсетіледі.

## СУ РЕСУРСТАРЫН ПАЙДАЛАНУҒА АРНАЙЫ СУ ПАЙДАЛАНУ РҰҚСАТЫН БЕРУ ҮШІН СУ РЕСУРСТАРЫ, ГЕОЛОГИЯ ЖӘНЕ ЖЕР ҚОЙНАУЫН ҚОРҒАУ КОМИТЕТІ МЕН АУМАҚТЫҚ БАСҚАРМАЛАРДЫҢ АРАСЫНДАҒЫ ҚЫЗМЕТТІ НАҚТЫ АНЫҚТАУ

| Органдарының атауы | Қаралатын объектілер |
|---|---|
| 1 | 2 |
| Су ресурстары жөніндегі Комитеті | 1) Жобаланған және жұмыс істеп тұрған, су алу көлемі жылына 1 млрд. м3 асатын су каймалары үшін; 2) Су алу көлемінен тәуелсіз, жобаланған және жұмыс істеп тұрған қорғаныстық объектілер мен әскери бөлімшелер, атом электростанциялары мен ерекше мемлекеттік маңызы бар объекттер үшін; 3) Су алу көлемінен тәуелсіз, жобаланған |

және жұмыс істеп тұрған шет елдік объекттер үшін ___________________________________________

___________________________

| | | |
|---|---|---|
| Су ресурстары жөніндегі Комитеттің бассейндік су шаруашылық басқармасы | | қалған жағдайларда |
| | | Жер асты суларын пайдалануға |
| Геология және жер қойнауын қорғау | | 1) Жер асты суларын алғанда: - көлемі тәулігіне 5 мың м3 және одан жоғары, Комитеті орталықтандырылған шаруашылық-ауызсумен қамтамасыз ету үшін; - көлемі тәулігіне 10 мың м3 және одан жоғары, техникалық сумен қамтамасыз ету, жайылымдарды суландыру және жерлерді суару (жылбойғы су алуды есептегенде) үшін; 2) Су алу көлемінен тәуелсіз, өндірістік, жылуэнергетикалық және емдік-минералдық жер асты суларын алғанда; 3) Қатты пайдалы қазбалардың, мұнай мен газдың зерттелген орнын пайдаланғанда, өндірістік және азаматтық объектерді салғанда және пайдаланғанда, жақсартылатын жерлерді құрғатқанда және су басқан аумақтарда жер асты суларын шығарудың көлемі тәулігіне 10 мың м3 және одан жоғары болғанда және де су алу көлемінен тәуелсіз, жер қойнауындағы ластану ошақтарын жойғанда және (немесе) аластағанда; 4) Ағын және басқа суларды, технологиялық ертінділерді, су алу көлемінен және мақсатты бағытынан тәуелсіз жер қойнауына жібергенде және де су мен газды сулы қат-қабаттарға немесе тау жыныстарының қуыстарына айдағанда; 5) 1, 2, 3 және 4 бөлімдерге сәйкес |

| | |
|---|---|
| | шетелдік компания, суды алу мен жіберу көлемінен тәуелсіз шетелдік капиталдың қатысы бар отандық кәсіпорын су алғанда және жібергенде, ағын және басқа суларды, технологиялық ертінділерді жер қойнауына жібергенде;<br>6) Су алу көлемінен тәуелсіз, жер асты суларын алғанда Геология және қоршаған ортаны қорғау комитетінің аумақтық басқармасының екі немесе одан да көп субъектерінің гидрогеологиялық жағдайына әсер еткенде;<br>7) Ұлттық парктердің, курорттық белдемдердің және мемлекеттік маңызы бар басқа объектердің аумағынан жер асты суларын алғанда |
| Геология және жер қойнауын қорғау Комитетінің Жер қойнауын қорғау және пайдалану жөніндегі аумақтық басқармалары | қалған жағдайларда |

Геология және жер қойнауын қорғау Комитеті Төрағасының 2001 жылғы 20 маусымдағы N 155-п және Су ресурстары жөніндегі Комитеттің Төрағасының 2001 жылғы 20 маусымдағы N 50-п бірлескен бұйрығымен бекітілген

## АРНАЙЫ СУ ПАЙДАЛАНУ ШАРТТАРЫН МЕМЛЕКЕТТІК ОРГАНДАРЫМЕН КЕЛІСУ ТӘРТІБІ

| Мемлекеттік органдарының атауы | Арнайы су пайдалану шарттарын келісу тақырыбы |
|---|---|
| 1 | 2 |
| | Жер үсті суларын пайдалануға |

| | |
|---|---|
| Қоршаған ортаны қорғау Комитеті | Су ресурстары жөніндегі комитеттің қарауына жататын объектілер үшін, жер үсті суларын алғанда және де ағын суларды жер үсті тоғандарына жібергенде қоршаған ортаға деген болжамалы әсері (жобаларды экологиялық сараптамадан өткізгенде) |
| Қоршаған ортаны қорғау Комитетінің облыстық басқармалары | Су ресурстары жөніндегі комитеттің бассейндік су шаруашылық бірлестіктерінің қарауына жататын объектілер үшін, жер үсті суларын алғанда және де ағын суларды жер үсті тоғандарына жібергенде қоршаған ортаға деген болжамалы әсері (жобаларды экологиялық сараптамадан өткізгенде) |
| Геология және жер қойнауын қорғау Комитеті | Су ресурстары жөніндегі комитеттің қарауына жататын объектілер үшін, жер үсті суларының жоспарланған және қазіргі кезде алынуының жер асты сулар ағынының өзгеруі мен жер асты су объектілерінің қалпына әсері жайында |
| Геология және жер қойнауын қорғау Комитетінің жер қойнауын қорғау және пайдалану жөніндегі аумақтық басқармалары | Су ресурстары жөніндегі комитеттің бассейндік су шаруашылық бірлестіктерінің қарауына жататын объектілер үшін, жер үсті суларының жоспарланған және қазіргі кезде алынуының жер асты сулар ағынының өзгеруі мен жер асты су объектілерінің қалпына әсері жайында |
| Денсаулық істері жөніндегі Агенттігінің мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау басқармасы | Су ресурстары жөніндегі комитетінің қарауында жататын сауалнамалар: арнайы су пайдалануда, тұрғындар мен персоналдың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, су қорғауда, санитарлық-қорғауда, сауықтыруда, қайта орнына келтіруге бағытталған шараларда судың кепілді сапасын қамтамасыз етуде құқықтық-нормативтік актілерді сақтау, зиянды заттарды көмгенде, ағынды суларды қашыртқылағанда, жерлерді паразиттік және инфекциялық аурулардың қоздырғыштарымен ластануының алдын-алуда, жаңа және жөнделініп жатқан ғимараттарды, құрылыстарды, жаңа технологияларды енгізуді |

орналастырғанда, жобалағанда және пайдалануды бастағанда санитарлық-гигиеналық талаптардың сақталуын қамтамасыз етуде шектік-жіберілетін нормативтерді сақтауда

| | |
|---|---|
| Денсаулық істері жөніндегі Агенттігінің аумақтық санитарлық-эпидемиологиялық қызметтері | Су ресурстары жөніндегі комитеттің бассейндік су шаруашылық бірлестіктерінің қарауында жататын сауалнамалар: арнайы су пайдалануда, тұрғындар мен персоналдың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, су қорғауда, санитарлық-қорғауда, сауықтыруда, қайта орнына келтіруге бағытталған шараларда судың кепілді сапасын қамтамасыз етуде құқықтық-нормативтік актілерді сақтау, зиянды заттарды көмгенде, ағынды суларды қашыртқылағанда, жерлерді паразиттік және инфекциялық аурулардың қоздырғыштарымен ластануының алдын-алуда, жаңа және жөнделініп жатқан ғимараттарды, құрылыстарды, жаңа технологияларды енгізуді орналастырғанда, жобалағанда және пайдалануды бастағанда санитарлық-гигиеналық талаптардың сақталуын қамтамасыз етуде шектік-жіберілетін нормативтерді сақтауда |
| Ауыл шаруашылығы министрлігінің мал дәрігерлік қадағалау Департаменті | Мал өсіру және бордақылау жөніндегі мал шаруашылығы кешендері кем дегенде (жылына): 1 мың бас ірі қара мал, 1 мың шошқа, 5 мың қой мен ешкі, 50 мың мекиен тауық және 500 мың бройлер - құс шаруашылығы бойынша |
| Мал дәрігерлік қадағалау Департаментінің облыстық басқармалары | қалған жағдайларда |
| | Жер асты суларын пайдалануға |
| Су ресурстары жөніндегі Комитет | Геология және жер қойнауын қорғау комитетінің қарауында жататын объектілер үшін, жер асты суларының жоспарланған және қазіргі кезде |

| | |
|---|---|
| | алынуының жер үсті сулар ағынының өзгеруі мен жер үсті су объектілерінің қалпына әсері жайында |
| Су ресурстары жөніндегі Комитеттің бассейндік су шаруашылық басқармалары | Геология және жер қойнауын қорғау комитетінің жер қойнауын қорғау және пайдалану жөніндегі аумақтық басқармаларының қарауында жататын объектілер үшін, жер асты суларының жоспарланған және қазіргі кезде алынуының жер үсті сулар ағынының өзгеруі мен жер үсті су объектілерінің қалпына әсері жайында |
| Қоршаған ортаны қорғау Комитеті | Геология және жер қойнауын қорғау комитетінің қарауына жататын объектілер үшін, жер асты суларын алғанда және де ағын суларды жер асты тоғандарына жібергенде қоршаған ортаға деген болжамалы әсері (жобаларды экологиялық сараптамадан өткізгенде зерттелген орындарды игерудің технологиялық сызбасында) |
| Қоршаған ортаны қорғау Комитетінің облыстық басқармалары | Геология және жер қойнауын қорғау комитетінің жер қойнауын қорғау және пайдалану жөніндегі аумақтық басқармаларының қарауына жататын объектілер үшін, жер асты суларын алғанда және де ағын суларды жер асты тоғандарына жібергенде қоршаған ортаға деген болжамалы әсері (жобаларды экологиялық сараптамадан өткізгенде және зерттелген орындарды игерудің технологиялық сызбасында) |
| Денсаулық істері жөніндегі Агенттігінің мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау басқармасы | Геология және жер қойнауын қорғау комитетінің қарауында жататын объектілер үшін арнайы су пайдалануда, тұрғындар мен персоналдың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, су қорғауда, санитарлық-қорғауда, сауықтыруда, қайта орнына келтіруге бағытталған шараларда судың кепілді |

| | |
|---|---|
| | сапасын қамтамасыз етуде құқықтық-нормативтік актілерді сақтау, зиянды заттарды көмгенде, ағынды суларды қашыртқылағанда, жерлерді паразиттік және инфекциялық аурулардың қоздырғыштарымен ластануының алдын-алуда, жаңа және жөнделініп жатқан ғимараттарды, құрылыстарды, жаңа технологияларды енгізуді орналастырғанда, жобалағанда және пайдалануды бастағанда санитарлық-гигиеналық талаптардың сақталуын қамтамасыз етуде шектік-жіберілетін нормативтерді сақтауда |
| Денсаулық істері жөніндегі Агенттігінің аумақтық санитарлық-эпидемиологиялық қызметтері | Геология және жер қойнауын қорғау комитетінің жер қойнауын қорғау және пайдалану жөніндегі аумақтық басқармаларының карауына жататын объектілер үшін арнайы су пайдалануда, тұрғындар мен персоналдың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, су қорғауда, санитарлық-қорғауда, сауықтыруда, қайта орнына келтіруге бағытталған шараларда судың кепілді сапасын қамтамасыз етуде құқықтық-нормативтік актілерді сақтау, зиянды заттарды көмгенде, ағынды суларды қашыртқылағанда, жерлерді паразиттік және инфекциялық аурулардың қоздырғыштарымен ластануының алдын-алуда, жаңа және жөнделініп жатқан ғимараттарды, құрылыстарды, жаңа технологияларды енгізуді орналастырғанда, жобалағанда және пайдалануды бастағанда санитарлық-гигиеналық талаптардың сақталуын қамтамасыз етуде шектік-жіберілетін нормативтерді сақтауда |
| Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттік | Осы Нұсқаудың 3-қосымшасына сәйкес Геология және жер қойнауын қорғау қарауында жататын объектілер үшін, жылу (термальді), минералды және өнеркәсіптік |

суларды 1000 метрден және одан да терең тереңдіктен өндіргендегі қауіпсіздік сауалнамасы

| | |
|---|---|
| Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттіктің облыстық басқармалары | Геология және жер қойнауын қорғау комитетінің жер қойнауын қорғау және пайдалану жөніндегі аумақтық басқармаларының қарауында жататын объектілер үшін, жылу (термальді), минералды және өнеркәсіптік суларды 1000 метрден және одан да терең тереңдіктен өндіргендегі қауіпсіздік сауалнамасы |
| Ауыл шаруашылығы министрлігінің мал дәрігерлік қадағалау Департаменті | Мал өсіру және бордақылау жөніндегі мал шаруашылығы кешендері кем дегенде (жылына): 1 мың бас ірі қара мал, 1 мың шошқа, 5 мың қой мен ешкі, 50 мың мекиен тауық және 500 мың бройлер - құс шаруашылығы бойынша |
| Мал дәрігерлік қадағалау Департаментінің облыстық басқармалары | қалған жағдайларда |

Геология және жер қойнауын қорғау Комитеті Төрағасының 2001 жылғы 20 маусымдағы N 155-п және Су ресурстары жөніндегі Комитеттің Төрағасының 2001 жылғы 20 маусымдағы N 50-п бірлескен бұйрығымен бекітілген

Геология және жер қойнауын қорғау Комитеті (Жер қойнауын қорғау және пайдалану жөніндегі аумақтық Басқарма)

**Жер асты суларын пайдалануға берілген арнайы су пайдалану рұқсатын алуға берілетін ӨТІНІМ**

____________________________________________________

(су пайдаланудың түрі)*

____________________________________________________

(Кәсіпорынның аты, (жеке тұлғаның Т.А.ӘА.)

Арнайы су пайдалануға рұқсат беруді өтінеді мынаған__________________________________________

(Су пайдаланудың түрі мен объекті)

Су пайдаланудағы мақсаты**__________________________________

(Алынатын не шығарылатын жер асты суының болжамды мөлшері (көлемі) (жер қойнауына жіберілетін ағын судың) судың (м3/ жыл, м3 /тәу, л/с)

________________________________________________________

(Жер асты суларын алудың не шығарудың, өндірістік және басқа да ағын суларды жер қойнауына жіберудің басталуы мен аяқталуының мөлшерлі мерзімі)

1________________________________________________________

(Кәсіпорынның толық атауы мен реквизиттері)

2________________________________________________________

(Басшының Т.А.ӘА. қызметі, кәсіпорын иесінің Т.А.ӘА)

3________________________________________________________

(Кәсіпорынның техникалық және технологиялық мүмкіндіктері жайындағы мәлімет және де олар атқарушы ретінде жұмысқа тартқан басқа кәсіпорындар)

4________________________________________________________

(Арызшының бұның алдындағы әрекеттері жайындағы деректер)

5________________________________________________________

(Зерттелген орындардан (оның алаңқайларынан) жер асты суларын алғанда не шығарғанда құрғату, су төмендету немесе табиғат қорғау істерін жүргізгендегі, өндірістік және басқа да ағын суларды жер қойнауына жібергендегі су пайдалану шарттары жөніндегі арызшының ниеті)

6________________________________________________________

(Жер асты суларын, қоршаған ортаны және бұған техникалық және технологиялық шараларды, бастапқы қалпына келтіруде және жұмыстардың техникалық қауіпсіздігін қамтуда, сарқылу және ластанудан қорғау жөніндегі арызшының ниеті)

7________________________________________________________

(Арнайы су пайдалануға бұрынғы берілген рұқсаттың мәліметтері (рет саны, берілген күні, кім берді, күшінің мерзімі), егер осылар арызшыда болса, пайдалану тәжірибесі, жер асты суларын алу не шығаруда, өнеркәсіптік және басқа да ағын суларды жер қойнауына жіберуде, өндірістік ағын суларды және басқа да ағын суларды көму полигонын пайдалануда)

8________________________________________________________

(Су пайдаланумен байланысты, кіріс пен шығыстық есеп)

9________________________________________________________

(Жер қойнауын пайдаланғаны үшін төленетін төлемнің (роялти және т.б.) болжамды есебі
10________________________________________________________________
(Өндірістік және социальдық инфроқұрылымдардың дамуына бөлінген инвестицияның болжамды көлемі)

Ескерту:

* а) жер асты суларының әртүрін алу (ауыз сулық, техникалық, жылуэнергетикалық және т.б.);

ә) жер асты суларын кептіру, су төмендету және табиғат қорғау жұмыстары кезінде шығару;

б) өндірістік, коммуналды-тұрмыстық, құрғату және басқа ағын суларды, технологиялық ерітінділерді жер қойнауына жіберу (аэрация белдемі, сулы және қалдықты қат-қабат, қабат, су өткізбес қалыңдық, тау жыныстарының қуыстары және басқалар).

** әртүрлі мақсаттарға сумен жабдықтау, жерлерді суару, жайылымдарды суландыру, өндірістік, коммунальді-тұрмыстық, құрғату және басқа ағын суларды, технологиялық ерітінділерді және т.б. жер қойнауына көму.

Қосымшалар:

1. Бұрыштық нүктелерінің координаттары бар ситуациялық сызба

2. Жерлік шектеу

3. Су объектілерінің сипаттамалары бар жазба (зерттелген орын, жер қойнауының алаңқайы, су алатын жер және т.б.)

Арызшы-кәсіпорынның басшысы (қызметі)

_____________ _____________________________________

(қол таңбасы) Т.А.Ә.А.

М.О. "___ " ____________200 __ж.

Геология және жер қойнауын қорғау Комитеті Төрағасының 2001 жылғы 20 маусымдағы N 155-п және Су ресурстары жөніндегі Комитеттің Төрағасының 2001 жылғы 20 маусымдағы N 50-п бірлескен бұйрығымен бекітілген

**Қазақстан Республикасындағы арнайы су пайдалануға берілетін**

**РҰҚСАТ**

____________________________________________________________ берілді
(кімге)

_____________________________________________________________үшін

(су пайдаланудың түрі)

________________________________________________________________

(су пайдалану объекті)

________________________________________________________________

(су пайдалану мақсаты)

"____" ____________200__ ж.

Серия КГ, СРК N _____

(Серия ТУ, БСБ N _____)

Комитетінің Төрағасы

(АБ, БСБ бастығы) _______________________________________________

Т.А.ӘА. (қол таңбасы)

М.О.

Рұқсаттың мерзім күші ұзартылды

"___"__________ 200__ ж.

Қызметі, Т.А.Ә.А.

Қол таңбасы

М.О.

Қазақстан Республикасындағы арнайы су пайдалануға берілетін рұқсатқа қосымша

**Жер асты суларын пайдалануға берілген арнайы су пайдалану РҰҚСАТЫ**

_____________________________________________________________ берілді

(Рұқсатты берген органның атауы)

______________________________________________________________________

(Кәсіпорынның толық атауы, жеке тұлғаның Т.А.ӘА.)

________________________________________________________________үшін

(су пайдаланудың түрі)

______________________________________________________________________

(су пайдаланудың объектісі)

______________________________________________________________________

(әкімшілік облыс, аудан)

1. Су пайдаланушы жөніндегі мәліметтер:

1) Тұрған жері (заңды тұлға үшін), тұрағы (жеке тұлға үшін)_________

2) Мемлекеттік тіркеудің күні мен реттік саны (заңды тұлға үшін), жеке куәліктің мәліметтері (жеке тұлға үшін)_________________________

3) Басшы (заңды тұлға үшін)____________________________________________

4) Қызметінің негізгі түрі_____________________________________________

2. Жер асты су объектінің ерекшелігінің сипаттамасы (зерттелген орын, жер

қойнауы алаңқайы мен т.б..)
1) Жер асты су объектінің атауы мен тау-кен-морфографтық байлама___
2) Мақсаттық қызметі (шаруашылық-ауыз су және техникалық сумен жабдықтау, суару, суландыру және т.б.) ______________________________
3) Қалдықты сулы қат-қабаттың атауы __________________________
4) Объекті пайдаланудың тәжірибесі мен су алатын ғимарат жайындағы мағлұмат ______________________________________
5) Объекттің сандық және сапалық көрсеткіштері мен басқа да ерекшеліктері ___

_ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _
3. Объекттің кеңістіктік шекаралары________________________________
4. Рұқсат мерзімінің күші (басталуы-аяқталуы)______________________
5. Рұқсат мерзімінің күшін ұзартудың шарттары______________________
6. Зерттелген орынның, жер қойнауына ағын суларды жіберу алаңқайының, көму полигондарының және т.б. және жұмыстың басталуының жобаларын келісуге берудің мерзімдері___________________
7. Су пайдаланудың міндетті шарттары:
1) Жер асты суларын алудың және шығарудың көлемі, жіберудің (мың. м3тәу, млн. м3жыл,л/с) ______________________________________________
2) Жыл ішінде жіберілетін ластандыратын заттардың түрі мен мөлшері (т, кг) ___

_ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _
3) Жыл ішінде шығарылатын бағалы компоненттердің түрі мен мөлшері (тн, кг) _

_ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _
4) Шығарылатын жылудың мөлшері (кал)_______________________________
5) Су алатын (су жіберетін) ғимараттың түрі (ұңғымалар, құдықтар, шахталар мен т.б.), және олардың ара қашықтығы (м)________________
6) эксплуатациалық және қорлық ұңғымалардың саны___________________
7) Су көтергіш құралдардың түрі мен өнімділігі______________________
8) Бір немесе ұңғымалар тобына жүктеме (ең төмен, ең жоғары, (мың. м3/тәу, млн. м 3/жыл, л/с) _________________________________________
9) Жер үсті беті деңгейінен арынның жарамды түсіруі және төмендеуі (м) ______

_ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _
10) Су дайындығы ___________________________________________________
11) Алынатын (жіберілетін) судың сапасына қойылатын талаптар_______
12) Тұтынушыларға жер асты суларын берудің жағдайы_________________
13) Жер асты суларын шығарғанда және алғанда беткі ағыстың жарамды азаюы _

_ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _
14) Ағын суларды пайдаланғаннан кейін жер бедеріне немесе жер үстілік су объектеріне жіберудің орны мен жағдайы________________________
15) Бақылау-өлшеу құралының түрі______________________________

16) Санитарлық қорғау белдеулерінің округтері (шекаралары) жеке және ұңғымалар тобы немесе су алынатын орын үшін ______________
17) Жер асты суларына мониторинг жүргізгенде қойылатын талаптар (жүңгі торабының, жерасты суларының сапасы мен эксплуатациялық жүңгілерінің және т.б. барлығы

___________________________________________________________

18) Су пайдалану объектілерін нақтылы зерттеуге және эксплуатациялық қорларды бағалауға және қайта бағалауға арналған міндеттер ________________

__________________________________

19) Жерасты сулы объектерінің экономикалық негіздері_________
20) Су пайдалану объектінің өндірістік және социальдық инфроқұрылымдарының жобасы мен дамуына салынған инвестиция көлемі ____

_______________________________________________________

21) Объект жайындағы ақпаратқа құқық___________________________
22) Су пайдаланушының заңды мекен-жайы өзгергені жайындағы ақпарат______
_ _

23) Геологиялық ақпаратты Геология және жер қойнауын қорғау Комитетіне және оның аумақтық органдарына өкілеттеу

___________________________________________________________

24) Жер қойнауын және қоршаған табиғи ортаны ұқыпты пайдалану жөніндегі міндеттеме

___________________________________________________________

25) Өнеркәсіптік және басқа ағын суларды жер қойнауына жібергенде, қалдықты қабаттарда сулы қат-қабаттардан аластағанда және үзгендікте, эксплуатациялық ұңғымалардың техникалық күйіне қойылатын талаптар

_____________________________________________

8. Объекті бірнеше су пайдаланушы пайдаланғанда, технологиялық сызбаға байланысты су пайдаланудың шартын сақтауға қойылатын талап__________
9. Арнайы су пайдалану әрекеттеріне бақылау жасаудың тәртібі_______
10. Келісімнің шарттары___________________________________________
11. Су объектерін пайдалануға байланысты төлемдер__________________
12. Басқа шарттар_________________________________________________
Геология және жер қойнауын қорғау Комитетінің гидрогеология басқармасы
(Аумақтық басқарманың гидрогеология бөлімі)_______________________

(қызметі мен қол таңбасы)

"____" _____________200_ж.

Келісілді:

1. Денсаулық істері жөніндегі Агенттігінің Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау басқармасымен (аумақтық Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық басқармамен)

____________________________________________________________________

(қызметі және қол таңбасы)

"____" ________________200 __ж.

2. Қоршаған ортаны қорғау Комитетімен (қоршаған ортаны қорғаудың облыстық (қалалық) басқармасымен)___________________________________

(қызметі және қол таңбасы)

"_____" ______________200 __ж.

3. Су ресурстары жөніндегі Комитетпен (облыстық басқармамен) __________

___________________________________________________________

(қызметі және қол таңбасы)

"____" _____________200 __ ж.

Су алатын (су жіберетін) ғимараттардың тау-кендік байлама сызбасы

Жер асты су объекті үшін_____________________________________________

(су пайдаланудың түрі мен объекттің, полигонның және т.б. аталуы) орналасқан__________________________________________________________

(әкімшілік байлама)

және ситуациялық сызбада бұрыштық нүктелері N ден N ге дейін көрсетілген___

_____________________________________________________ (бұрыш нүктелерінің тізбесі)

СИТУАЦИЯЛЫҚ СЫЗБА

МАСШТАБ

(келтірілген)

және оның географиялық координаттарымен (қажет болса тікбұрышты координаттарда)

_____________________________________________

нүктелер. координаттар

дің _______________________________

NN бойлық ендік

______________________________________________

______________________________________________

және де тік бағытты тілімдерде_______________________________________

(кешеннің тереңдігі, стратиграфиялық қат-қабат пен т.б.)

Ситуациалық сызбада көрсетілген, бұрыштық нүктелері бар жерлік бұрманың алаңы ________________________________________________ гектар (км2)

Қазақстан Республикасындағы арнайы су пайдалануға берілетін рұқсатқа қосымша

Жер үсті суларын пайдалануға берілген арнайы су пайдалану РҰҚСАТЫ

1. Рұқсат берген органның атауы___________________________________

____________________________________________________________________

2. 200__ жылғы "___"__________N_____ ___________мерзімге берілді. Негіз:____________________________________________________________

3. Су пайдаланушының реквизиттері:

1) су пайдаланушының атауы және оның кодтары_____________________

2) жоғары тұрған ұйымның атауы, министрліктің, ведомствоның, бас басқарманың кодтары_____________________________________________-

3) су пайдалану үшін жауапты лауазымды адамның почталық мекен-жайы мен телефоны, аумақтың коды______________________________________

4) өндірістік қызметтің сипаттамасы (шығарылатын өнімнің көлемі, халықтың, жұмыс істеушілердің саны, суландырылатын, құрғатылатын жерлердің қуаты, алады және т.б.)

________________________________________________________

4. Жобалаушы ұйымның атауы, мекен-жайы, телефоны_________________

___________________________________________________________________

5. Су объектісінің атауы және коды (негізгі гидрологиялық және гидрогеологиялық сипаттамалар: судың өзіне тән жұмсалуы, деңгейі, су беру, бекітілген қорлар, судың жату тереңдігі және т.б.) ___________________________

_________________________________________

6. Су пайдаланудың сипаттамасы:

1) су пайдалану мақсаты (сумен жабдықтау және оның түрі, суландыру, гидроэнергетика, сарқынды суды ағызу және т.б.)_________________________ __

_________________________________________________________________

2) пайдалану жүзеге асырылатын құрылыстардың немесе техникалық құрылғылардың атауы мен орналасқан жері (тірек құрылыстарының тұрпаты мен параметрлері, зауыт маркасы, қуаты, судың жұмсалуы, ұңғымалар мен құдықтардың дебиті мен тереңдігі және т.б.)

___________________________________________________________________

7. Су пайдалануды есепке алу, режимдік бақылауларды және материалдық талқылауларды жүргізу үшін жабдықтардың болуы және оның сипаттамасы______________________________________________________

8. Мына шарттар орындалған ретте су пайдалануға рұқсат беріледі:

1) таза су алу (мың текше м/жыл, текше м/тәулік, текше м/с) - жерүсті су тоғандарынан көп дегенде______________________________

2) су аз жылдарда су пайдалануды ықтимал шектеу (мың текше м/жыл, текше м/тәулік, текше м/с)__________________________________________

- жер асты сулары осыдан көп болғанда-----------------------------
3) суды айналымда және қайталап пайдалану (мың текше м/жыл, текше м/тәулік, текше м/с)________________________________________________
4) су басқа кәсіпорындар мен ұйымдарға беріледі: (мың текше м/жыл, текше м/тәулік, текше м/с)_________
_____________________________________________________________________
5) маусымдық (ай бойынша) су тұтыну және су бөлу (мың текше м/жыл, текше м/тәулік, текше м/с)__________________________________________
6) жіберілетін судың көп дегендегі мөлшері (мың текше м/жыл, текше м/тәулік, текше м/с)__________________________________________________
7) таза су мен сарқынды судың өнім бірлігіне жұмсалатын үлес шығыны_______
_________________________________________________________
8) құрылыстар тазартылғаннан кейін сарқынды суларда заттардың шоғырлануына жол беріледі (мг/л), кг/тәулік, тн/жыл) ________________________
_ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _
9) тоғандар суындағы су айыру құлақшасындағы заттардың жол беруге болатын шоғырлануы (мг/л, кг/тәулік, тн/жыл)________________________________
10) санитарлық-қорғау аймақтарын, режимдік желіні ұйымдастыруға, шығын-өлшеу аппаратурасына және т.б. қойылатын талаптар (рұқсат беруші органдар толтырады)__________________________________________
11) су алатын жерде балық қорғау құрылғысының болуы және оның тұрпаты__________________________________________________________
12) су шаруашылық құрылыстарын, су қоймаларын пайдалану режимі, ағаш ағызу шарттары және т.б. (рұқсат беруші органдар толтырады)_____________________________________________________
_____________________________________________________________________
13) су пайдалану мен су бөлуге қойылатын қосымша шарттар мен талаптар__________________________________________________________
Су объектісінің жай-күйіне әсер ететін әрбір жекеленген техникалық құрылыстар мен құрылғылар (су алу, су жіберу және т.б.) бойынша толтырылады.

Ескерту:
Осы рұқсат_________________________ дана етіп жасалған.
Рұқсатқа арнайы су пайдалану жүзеге асырылатын құрылыстардың немесе техникалық құрылғылардың орналасу орнын көрсете отырып су объектісін (оның бір бөлегінің) ситуациялық жоспары қоса тіркеледі.
КЕЛІСУ: (келісу материалдары қоса тіркеледі)
1. Мемлекеттік қоршаған ортаны қорғайтын органдарымен 200__"__"______ мерзімге N

____________________________________________________________2. Мемлекеттік геология және жер қойнауын қорғау органдарымен 200__"__"______ мерзімге N ___________________________________
3. Денсаулық істері жөніндегі Агенттігінің мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау басқармасымен 200__"__"________мерзімге N ___________
4. Мемлекеттік мал дәрігерлік қызмет органдарымен (мал шаруашылығы, балық шаруашылығы, малдан алынатын өнімдер мен шикізаттарды ұқсату және сақтау жөніндегі кәсіпорындардың мұқтаждары үшін су алу үшін рұқсаттар беру кезінде) 200___"__"_________________мерзімге N _____
___________________________________________________________
5. Бастапқы су пайдаланушылармен (арнайы су пайдалануға берілген су объектілерін пайдалануға рұқсаттар беру кезінде) 200__"__"________________мерзімге N ____________

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК